

**Қарағанды облысы Осакаровка ауданы  
Маржанкөл ауылының №8 ЖББМ.КММ.**

**Сынып сағаты:  
«Адал азамат – әділетті Қазақстан»**

**Жетекші: Қарабай М.Қ  
Сынып: 5**

**2023 – 2024 оқу жылы**

### **Тақырыбы: «Адалдық пен әділдік»**

**Мақсаты:** окушыларға адалдық пен әділдік туралы түсінік беру; олардың құндылық ретіндегі мәнін ұғындыру.

**Міндеттері:** адами қарым-қатынастағы адалдық пен қоршаған ортадағы, өмірдегі әділдіктің орны мен маңызы туралы түсіндіру; окушылардың адалдық пен әділдікті дұрыс ұғына білу біліктіліктерін дамытуға ықпал ету; окушыларды адалдыққа, әділдікке және шынайылыққа тәрбиелеу.

### **Шаттық шеңбері**

#### **Қ.Накысбековтың өлеңін мәнерлеп оқу.**

Білім мен өнерді сүй, сусуында,  
Деп айтсын ел: Осындей ер тузында!»  
Арың-адал, әділ болсан әрқашан  
Дүниенің бар бақыты уысында...  
Тұспегені абзал ғой арга дақтың,  
Күйін кешпе түнде ұшар жарғанаттың.  
Адал адам әрқашан-еңесі тік,  
Әділдікті ту еткін, қолганатым.

АДАЛДЫҚ - адам бойындағы таза ниет, бағалы қасиет, адамның сана-сезімі мен ар-ұжданына қайшы келмейтін әрекеттер.  
“Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі -қазақтың әулиесі сол”.

Абай.

Әділдік-шыншылдық; турашылдық, адалдық, дұрыстық.  
Әділдік — ізгіліктің ірге тасы.  
“Кімде-кімнің әділдігі жоқ болса, оның ұяты да жоқ”.

Абай.

### **Әңгімелесу**

“Ойланайық, пікірлесейік” атты айдарынан берілген сұраптарға әңгіме жүргізу.  
1. Адал дос дегенді қалай түсінесіндер?  
2. Адал болу кез келген адамның қолынан келе ме? Неліктен?  
3. Әділ болу онай ма?

### **Мәтінмен жұмыс. ( Корей ертеғісі )** **«Адал бала»**

“Адал бала” атты мәтінді интонациялық кідірістерді ескере отырып үлкен ықыласпен оқу. Мәтінді окушылардың өздеріне оқыту, мазмұнын мүқияттындауды үйімдастыру. Мәтіннің соңында берілген сұраптар окушылардың ойларын тұжырымдауға негіз блады.

### **Мақал-мәтелдер**

Адамгершілік болмай, Әділдік болмас.  
Адамның ұяты бетінде, Адамгершілігі ниетінде.  
Кішіпейілділік - кісінің көркі.  
Әдептілік белгісі – іліп сәлем бергені.  
Әділ айтқан женер.  
Әділ айтсаң ағайынга жақпайсың,  
Әзіл айтсаң маңайыңа жақпайсың.  
Әділдікке жығылмайтын адам жоқ.  
Әділдікten қашпа.  
Әділет қылышы кескен қол ауырmas.  
Әділ сөздің зілі жоқ, Көп көзінен өткен істің міні жоқ.  
Әділін айтсаң — әдемі айтқаның.

## **Жағдаятты талдау**

Ажар мен Алмагұл сабактан келе жатыр еді. Ажар жарнамадан жаңа фильмнің басталғанын көріп:

-Менің қалтамда апам “самса алып жерсін” деп берген ақша бар. Кеттік, кино көрейік,- деді.

Алмагұл: Үйден сұранып шыққан жоқпыз. Іздеп қалады ғой,- деп іркіліп қалды.

-Ештеңе етпес, “мектепте болдық” деп айта саламыз....

Ажардың ұсынысына сендер қалай жауап берер едіңдер?

## **Тыныштық сәті**

Оқушыларға «Тыныштық сәті» әдіс-тәсілін қолдану.

—Балалар, денелерінді түзу ұстап, бастарыңды жоғары көтеріп, ыңғайланып отырындар. Көздерінді жұмсандар да болады. Ауаны терең жұтып, еркін тыныс алындар. Өздеріңнің тыныс алулар-ыңды бақылап, бақытқа, махаббат пен тыныштыққа толы таза, шипалы ауаныңтұла бойларыңа толғанын сезініңдер. Ал енді балалар көздерінді ашып, бұрынғы қалпынызға келейік.

## **Жүректен жүрекке**

Оқушылар шеңберге тұрып, бір-біріне жүрекжарды тілектерін айтады.

Оқушыларға “Уақыт“ тренингін интерактивті тақтадан көрсету.

Сыпайы болу үшін біреудің жымиуын күтпеніз...

Жақсы көру үшін, біреудің жақсы көргенін күтпеніз..

Досыңыздың қадірін түсіну үшін, жалғыз қалуды күтпеніз...

Жұмыс істеуді бастау үшін ең жақсы жұмысты күтпеніз...

Кішкене бөлісу үшін көп болғанын күтпей-ақ бөлісіңіз...

Ақыл-кеңесті еске түсіру үшін қателесуді күтпеніз...

Дүға ету үшін қайғы қатерге түсуді күтпеніз ...

Көмектесу үшін реті келуін күтпеніз...

Кешірім сұрау үшін біреудің жылауын күтпеніз...

немесе татуласу үшін керекті жағдайды күтпеніз...

Күтпеніз... Өйткені қанша уақыт қалғанын білмейсіз.

**АДАЛДЫҚ** - адам бойындағы таза ниет, бағалы қасиет, адамның сана-сезімі мен ар-ұжданына қайшы келмейтін әрекеттер.

“Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі -қазақтың әулиесі сол”.

Абай.

Әділдік-шыншылдық; турашылдық, адалдық, дұрыстық.

Әділдік — ізгіліктің ірге тасы.

“Кімде-кімнің әділдігі жоқ болса, оның ұяты да жоқ”.

Абай

Сыпайы болу үшін біреудің жымиуын күтпеніз...

Жақсы көру үшін, біреудің жақсы көргенін күтпеніз..

Досыңыздың қадірін түсіну үшін, жалғыз қалуды күтпеніз...

Жұмыс істеуді бастау үшін ең жақсы жұмысты күтпеніз...

Кішкене бөлісу үшін көп болғанын күтпей-ақ бөлісіңіз...

Ақыл-кеңесті еске түсіру үшін қателесуді күтпеніз...

Дүға ету үшін қайғы қатерге түсуді күтпеніз ...

Көмектесу үшін реті келуін күтпеніз...

Кешірім сұрау үшін біреудің жылауын күтпеніз...

немесе татуласу үшін керекті жағдайды күтпеніз...

Күтпеніз... Өйткені қанша уақыт қалғанын білмейсіз.